

## Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 маусым N 934. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.06.19. N 574 қаулысымен. ~P980574

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қорғаныс

министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 6 маусымдағы  
N 934 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы  
ЕРЕЖЕ

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне басшылық жасауды, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде мемлекеттің әскери-техникалық және әскери-экономикалық саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік-құқықтық актілерді сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

3. Министрлік аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы .

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, банкте шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, бланктері, мөртаңбалары болады.

## II. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің м і н д е т т е р і

6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің негізгі міндеттері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлікте ұстау және қамтамасыз ету,

Қазақстан Республикасына қарсы әскери шабуылды болдырмау және мүмкін агрессияға қарумен тойтарыс беру үшін қажетті жағдай жасау;

Қазақстан Республикасының әскери-саяси ахуалын бағалау, қауіпсіздігіне ықтимал қауіптің сипаты мен дәрежесін айқындау;

Қазақстан Республикасының әскери саясаты мен әскери доктринасын әзірлеуге қатысу, бірыңғай әскери-техникалық және әскери-экономикалық саясат ж ү р г і з у ;

басқа мемлекеттермен әскери-саяси және әскери ынтымақтастықты қамтамасыз ету және бірлескен қорғаныс бойынша күштерді келісу, сондай-ақ соғысты болдырмауға арналған шараларды жүргізуге тікелей қатысу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын, оның аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекарадағы экономикалық мүдделерін күзету және қ о р ғ а у ;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын әскери, құқықтық , патриоттық және адамгершілік тәрбиелеуді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, Қарулы Күштердегі заңдылық пен құқық тәртібін нығайту жөніндегі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы заң актілерін жүзеге асыру;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың соғыс уақытында жұмыс істеуі үшін экономикасын жұмылдыруға әзірледі, сондай-ақ республика тұрғындары мен аумағын, коммуникациясын қорғанысқа әзірледі ұйымдастыруға қатысу;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың соғыс уақытындағы қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;

Министрліктің әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қорғау;

әскери іс-қимыл жүргізуге байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

қорғанысқа және мемлекеттік шекараны күзетуге арналған шығыстар бойынша Республикалық бюджеттің жобасы жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

### III. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ф у н к ц и я л а р ы

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

Қазақстан Республикасының Президентіне қарауға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылысы мен дамуы, қару-жарақ пен әскери техника түрлерін дайындау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлейді және ұсынады;

белгіленген тәртіппен әскери және балама қызметтерді өткеру, әскери қызметшілердің мәртебесі мәселелері жөнінде ұсыныстар мен заң актілерінің жобаларын енгізеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскер түрлері мен тектерінің құрылымын, штат санын айқындайды, өз өкілеттігі шегінде кадрларды даярлау мен оларды орналастыруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен Қарулы Күштерге адам, көлік және материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыруды жүргізеді;

әскери техника мен мүлікті жасау, өндіру және жөндеу үшін мемлекеттік тапсырыс орналастырады, олардың дайындалуына, сынақтан өткізілулеріне, шығарылу мен жасалу сапасына бақылау жасалуды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

әскери ғылымның дамуына басшылық жасайды, әскери-ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және жүргізеді;

қарулануға (жабдықтауға және пайдалануға) қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен әскери техниканың жаңа және жетілдірілген үлгілерін белгіленген тәртіппен қабылдап алады, сондай-ақ қаруланудан (жабдықтаудан, пайдаланудан) ескірген үлгілерді алып тастайды;

әскери-оқу орындарында Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан әскери кадрларды даярлау процесін бақылайды;

заңдарда белгіленген тәртіппен, басқа мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары сол мемлекеттердің әскери оқу орындарына жіберілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты өзара іс - қимылда жүргізеді ;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық санаттағы әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлерінің оқу, тәрбие, құқықтық жұмыстарын және өзге де даярлығын жоспарлайды және ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының республика экономикасының жұмысын соғыс уақытындағы жұмыс тәртібіне көшіруі жөніндегі жұмысына бақылау жасайды;

әскери саясат мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттар жасасуға қатысады, олардың атқарылу барысына бақылау жасайды;

қазіргі бар және болжалып отырған әскери қауіптің сипаты мен дәрежесіне сәйкес республиканың және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын әскери-саяси одақтың қорғаныс жеткіліктілігінің деңгейін айқындауға қажетті әскери-саяси сипаттағы ақпараттарды жинауды, қорытындылауды және талдауды ұйымдастырады .

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері бірлестіктерінің, құрамалары мен бөлімдерінің шараларды жоспарлауларына, жедел және жауынгерлік әзірліктеріне ұйымдық-әдістемелік басшылық жасауды қамтамасыз етеді;

республиканың қорғаныс мүддесі үшін күрделі құрылысты ұйымдастырады және оған бақылау жасайды ;

республика аумағында радиациялық, химиялық және бактериялық улануларды анықтау жүйелерін құруға және қамтамасыз етуге қатысады, гарнизондарда, әскери қалашықтарда, полигондарда және қорғаныс мақсатындағы басқа да объектілерде мезгіл-мезгіл санитарлық-эпидемиологиялық тексерулер жүргізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сынақ полигондарының, әскери бөлімдер мен құрамаларының іс-әрекетімен қоршаған ортағы келтірілген экологиялық залалды айқындау мақсатында арнайы құрылған комиссиялардың жұмысына қатысады;

Қазақстан Республикасы қорғаныс өнеркәсібі конверсиясының бағыттарын айқындауға қатысады;

қаржылық және материалдық-техникалық құралдардың тиімді

жұмсалуды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### IV. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құқықтары

8. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерді және өз функцияларын орындау кезінде:

қорғаныс жөніндегі заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және оны бұзған кінәлілерді белгіленген тәртіппен жауапқа тартуға;

өз құзыреті шегінде атқарылуы міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілерді шығаруға;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпараттарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік жасау, пайдалану және билік жүргізуді жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген жағдайда және тәртіп бойынша лицензиялауды жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, мемлекеттік меншік құқығы субъектісіне қатысты олардың функцияларын жүзеге асыруға;

мемлекеттік кәсіпорындар басшыларын тағайындауға; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өздеріне берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### V. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметін ұйымдастыру

9. Министрлікті қызметке Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі (бұдан әрі - Министр) басқарады.

10. Министрі Министрліктің жұмысына басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген тапсырмалардың орындалуына және олардың өз

функцияларын жүзеге асыруларына жеке жауап береді.

1 1 . М и н и с т р :

Министрліктің жұмысын ұйымдастырады;  
өз орынбасарларының және Министрліктің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындайды;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда  
М и н и с т р л і к т і б і л д і р е д і ;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің республика егемендігін, аумақтық тұтастығы мен оның шекараларына қол сұғылмаушылықты қорғаудағы жауынгерлік әзірлік жағдайларын бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жоғарғы командованиясінің командалық лауазым қызметтерін атқаруға және жоғары әскери атақтар беруге тағайындалатын генералдар мен офицерлердің кандидатураларын ұсынады;

әскер тектерінің жедел жоспарларын бекітеді, Қазақстан Республикасының ішкі әскерлерін жауынгерлік қолдану жоспарларын келіседі;

әскерлерде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде құқықтық тәртіпті нығайту мен қорғауға бағытталған тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес әскери қызметтің бекітілген мерзімін өтеген мерзімді әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы қарулы Күштері қатарынан босату туралы және азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрықтар шығарады;

Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге Қазақстан Республикасы қарулы Күштерін қолдану жоспарын, сондай-ақ жұмылдыру жоспарлары мен олардың құрылысы жөнінде ұсыныстар ұсынады;

офицер құрамын лауазымдарға тағайындайды, оларды қызмет бойынша орын ауыстыру, әскери атақтар беру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарынан босату мәселелерін шешеді;

Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді, Қорғаныс министрлігі аппаратының генералдары мен офицерлерін лауазымға тағайындау және одан босату туралы шешімдерді белгіленген тәртіппен қ а б ы л д а й д ы ;

әскер тектері бойынша қару-жарақтың, әскери техниканың, күрделі салымдардың және өзге де материалдық-техникалық құралдардың негізгі түрлеріне тапсырыс көлемін бөлуді бекітеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа мемлекеттердің қарулы Күштерімен ынтымақтастығын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бойынша генералдар мен

офицерлерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын марапаттау туралы бұйрықтар шығарады;

азаматтардың арыздарын, шағымдарын қарауды және әскери қызметшілердің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау ұйымдастырады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды.

12. Министрдің орынбасарлары болады.

13. Министрдің орынбасарларын

Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

14. Министрдің орынбасарлары, Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары:

бірлестіктер, құрамалар мен бөлімдердің жауынгерлік қолдану жоспарларын әзірлейді;

жауынгерлік кезекшілікті (әскери, шекара қызметтерін) ұйымдастырады, жедел жауынгерлік әзірлікті жоспарлайды және өткізеді, бағыныстағы әскерлердің жауынгерлік әзірлігін бір қалыпты ұстау жөніндегі өзге де шараларды жүргізеді;

бағынысындағы әскерлерді тікелей жауынгерлік басқаруды жүзеге асырады; әскерлер мен күштерді бейбіт кезеңнен соғыс жағдайына жоспарлы түрде көшіруді ұйымдастыруға бағытталған жұмылдырушылық әзірлік жөніндегі шаралар кешенін жоспарлайды және жүзеге асырады;

әскерлерді жауынгерлік және жедел әзірлеуді ұйымдастыру, базалар, қоймалар, арсеналдар, полигондар және қорғаныс мақсатындағы басқа да ғимараттар құрылысын салу кезеңіндегі экологиялық қауіпсіздік шаралар кешенін жоспарлайды және жүзеге асырады;

бағынысты әскер тектері құрылыстарының перспективалық жоспарын, әскери техниканың, қару-жарақ пен мүліктердің ескірген үлгілерін өңдеу мен ауыстыру жоспарларын әзірлеуді жүзеге асырады;

әскери ынтымақтастық жөніндегі халықаралық шарттарды сақтау бойынша шараларды жүзеге асырады;

жеке құрамға қажетті мұқтаждарды толық қанағаттандыруды, техниканы, қару-жарақты, әскери-техникалық мүліктерді дұрыс пайдалануды қамтамасыз етеді;

бейбіт және соғыс уақытында жеке құраммен тәрбиелік және

әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді;  
әскери ұжымдарды біріктіруге, әскерлерде заңдылықтар мен құқық тәртібін нығайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;  
әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің арыздары мен шағымдарын қарайды;

Министрдің нұсқауы бойынша өзге де функцияларды атқарады.

15. Министрлікте әскери басқару органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша шешімдерді алқалық әзірлеу, тапсырылған істің орындалуын бақылау, кадрларды іріктеу, Министрліктің жұмысын жақсарту үшін кеңесуші-консультативтік орган - Алқа құрылады.

16. Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

17. Алқа шешімдері Министрдің бұйрығымен хабарланады.

18. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері түрлерінде ұқсас принциппен Қарулы Күштер түрлерінің Әскери кеңестері құрылады.

19. Министрліктің әскерлер басқармасы органдарының, әскери құрамалар мен құрылымдық бөлімшелерінің өкілеттіктері Министрдің өз құзыреті шегінде бекіткен тиісті ережелерімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 6 маусымдағы  
N 934 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші  
жойылған кейбір шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 575 қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 575 қаулысына ішінара өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 наурыздағы N 215 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 98-бап).

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы Ережеге толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 9 ақпандағы N 161 қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 523 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 18, 453-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК